



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Амандық Жандос
k.zhandos_94@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, заң факультеті, құқықтану
мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекші – Қалтаева А.Т., аға оқытушы

Қазақстан Республикасының Президентінің 2010 жылғы жаңа он жылдық- жаңа экономикалық өрлеу- Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауын іске асыру үшін мемлекетімізде кәсіпорындардың экологиялық қауіпсіздік пен индустриалды дамуының үйлесуіне және қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу мәселелеріне ерекше назар аударылды

Қазіргі таңда өндірістің дамуымен қатар елімізде экологиялық жағдай да өршіп тұр. Оның себептері, біріншіден, өндірістік кәсіпорындарынан шығатын зиянды шығарындылардың көбеюі, олардың техникалық, экологиялық, санитарлық талаптарды орындамауы, экологиялық таза өнім шығаруда отандық кәсіпкерлеріміздің қызығушылығының болмауы, табиғи ресурстарды аямай падалану, адамдардың экологиялық сана сезімінің төмендігі, келешек ұрпақтың денсаулығын ойламау және т.б.

Соңғы жылдардың экологиялық заңнамасы динамикалық дамуымен ерекшеленеді: қоршаған ортаны қорғау саласындағы заң алдындағы жауапкершіліктің негізгі ережелерін реттеуші жаңа құқықтық нормативтік актілер қабылданды, сонымен қатар, мемлекет деңгейінде қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша бағдарламалар кешені мен халықаралық келісімдердің бекітілуі табиғатты қорғау тәжірибесі мен нормативті негіздің жетелдіруіне әкелетіні сөзсіз екені мәлім.

Ұлттық заңнамадағы жаңа қыраттар, ғылыми заң ойларының дамуы экологияға зиян келтіру, яғни экологиялық құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілік саласында жаңа жүйелі зерттеудің, 2010-2020 жылдарға қарастырылған құқықтық саясат концепциясында сипатталған заңнама өзгерістерін ескере отырып, оның даму перспективаларын қарастырудың қажеттілігі туындағанын аңғартып отыр.

Қазақстан Республикасында экологиялық-құқықтық жауапкершілікті сапалы жаңа деңгейге көтерген 2007 жылы қабылданған Экологиялық кодекс болатын [1]. Алайда, осы экологиялық-құқықтық жауапкершілік саласында әлі де көптеген зерттеулер қажет. Экологиялық-құқықтық жауапкершілік механизмін қолдану үшін жаңартылған мақсаттар Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарғы тұрақты даму Концепциясына сәйкес Қазақстан Республикасын тұрақты даму параметрлеріне қол жеткізуін қамтамасыз етуде көрініс тауып отыр [2].

БҰҰ-ның 1973 жылдан бастап қазіргі таңға дейін халықаралық құқық комиссиясының жұмысының тәжірибесі халықаралық-құқықтық жауапкершіліктің концепциясын құру қиын, дегенмен, нәтижесінде жемісті болғандығын көрсетеді. Бүгінгі күнде, трансшекаралық экологиялық зиян мәселесі бойынша қазіргі халықаралық құқықтың ұстанымы анықталған болып табылады.

Елімізде, қазіргі таңда терең және тұрақты теріс өзгерістерімен сипатталатын қолайсыз экологиялық жағдай туып отыр. Ресурстарды өндіру және пайдалану барысында қоршаған ортаға жүктелген ауыртпашылықтар ұлғая түсуде. Оның себебін көптеген факторлардан іздеуге болады, табиғи ресурстарды ретсіз, тиімсіз пайдалану, экология саласында құқық бұзушылық үшін жауапкершіліктің болмауы және т.б. Қазақстан территориясының өте үлкен бөлігі әртүрлі факторлардың әсерінен кешенді ластанған, мысалы, ауаның, судың, жердің әртүрлі өндірістік зиянды қалдықтармен, улы газдармен және т.б. ластануы.

Оған полигондарды, сынақ алаңдарын, «Байқоңыр» ғарыш кешенің, ірі тау-кен өндірістерін, Балхаш, Арал, Каспий суларындағы экологиялық апаттарды, мыңдаған өндірістік кәсіпорын, заводтар мен фабрикаларды қосатын болсақ Қазақстан территориясының нағыз апат алаңы екенін байқауымызға болады[3].

Қазақстан халқының біраз бөлгі тіпті жануарлар ішпейтін суды ауыз-су ретінде пайдаланып отыр. Қанша десек те сол суларды ластап отырған өндіріс орындарының саны азаюдың орнына, керісінше, одан әрі өсіп келе жатыр. Тікелей немесе биологиялық буын арқылы әсер етеді, яғни ластайтын заттар тасымалдау ортасы ауа,су арқылы, шоғырлану және сақталу ортасы: топырақ,түзілген қалдықтар тамақ (өсімдік,жануарлар) арқылы адамға әсер етуі мүмкін. Оның себебін жауапкершіліктің жоқ болуымен сипаттауға болады, олардың көбісі экологиялық зиянды өтеу кезінде аз мөлшердегі айыпты төлеу арқылы және басқа да жолдармен құтылып жатады..

Ластанған қоршаған ортаның жағымсыз әсері адамның денсаулығына зиян келтіретін экогенді зиянның тікелей көзі болып табылады.Сонымен бірге, қоршаған ортаның ластануы табиғи және антропогендік факторлардың бірігіп әсер етуі нәтижесінде жүзеге асады.

Табиғи ластау деп табиғи жаратылысы бар ластайтын заттардың, мысалы ғарыш бөлшектерінің, жаңартау күлгінің, өсімдіктер шаңының, теңіз тұздарының, өрті түтінінің қоршаған ортаға келіп түсуі. Антропогендік ластау адамның шаруашылық қызметінің әсерімен соның ішінде табиғи ластаудың құрамы мен қарқынына тікелей немесе жанама әсер ету арқылы мысалы гидроқұрлыс нәтижесінде қалыптасады.

Қоршаған ортаны улы заттармен ластау нәтижесінде адам денсаулығы үшін.Қазақстан Республикасы Конституциясының 31-бабына көрсетілгендей: адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады. Мұндай құқық бұзушылық үшін қылмыстық іс қозғалған жоқ деп айтса да болады. Бұл нені көрсетеді? Әрине құқық қорғау органдарының әрекетсіздігі мен паракорлығы. Қоршаған ортаны қорғау саласында жұмыс істейтін мамандардың айтуынша, Қазақстанда бұл салада паракорлық ерекше дамыған. Бұл жерде зардап шегетін кім? Тағы да қарапайым халық. Еліміздегі қоршаған ортаны қорғау - өткір мәселелердің бірі және ол дереу шешімді талап етеді. Қазақстан Республикасының экологиялық жағдайы тіпті күннен күнге нашарлауда және ол ең алдымен халықтың денсаулығы мен өміріне өте үлкен залалдар әкелуде. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жыл сайын беретін қорытындысына сүйенсек, дүниежүзінде тек ауаның ластануынан қайтыс болатын адамдардың саны, автомобиль апатынан қаза болатын адамдардың санынан асып отыр. Тағы бір айта кететін жайт, атмосфералық ауаға тасталатын зиянды газдардың үштен бір бөлігін тасымалдау көліктерінен шығатын газдар құрайды. Әрбір жеңіл көлік жылына ауаға 12-13 тонна улы заттар тастайды. Сонымен қатар, шетелдік және ұлттық өндірістік компаниялар, елдегі атмосфералық ауа мәселесін одан әрі өршіте түсті. Мысалы, «Қазақмыс», «Испат-Кармет» ірі компаниялары Қазақстан бойынша ластаушы ошақтарды құрайды.4 тонна ауаға тасталатын улы заттардың мөлшері апаттық жағдайға әкеліп отыр. Жезқазған қаласының әрбір тұрғынына 6 тонна, Балқаш қаласында 7-8 тонна, Қарағанды қаласында ол көрсеткіш 5 тоннаны құрайды екен. Соған қарамастан бұл компаниялар экологиялық салықтардан жиі босатылады және өте аз мөлшерде айып салынады екен.

Біздің ойымызша саралап қарасақ, денсаулыққа келтірілген экогендік зиянды өтеу заң тұрғысынан қараса өте күрделі мәселелердің бірі болып табылады, сондықтан адам денсаулығы мен қоршаған орта қалдықтарды зарасыздандыру жұмыстарын кешенді жүргізу, қалдықтардың көлемін азайту мен оларды қоршаған ортадан аластауға бағытталған мемлекеттің табиғатты қорғау қызметінің, оның өкілетті органдары мен шаруашылық субъектілерінің мазмұны бекітілген экологиялық нормативтіктер қамтамасыз етілуі қажет деп санаймыз.

Сондықтан да осы мәселелерді шешу мақсатында денсаулыққа келтірілген зиянның орнын толық көлемде толтыру үшін арнайы заңдар қабылдау қажет, моральдық зиянның

орнын толтырудың құқықтық механизмі ретке келтірілуі тиіс, атап айтқанда экологиялық қолайсыз аумақтан мәжбүрлеп көшумен кәсібін ауыстыру, бала туу мүмкіндігінен айырылу немесе ауру бала табу қаупімен байланысты тән азабы. Ал, экология саласында жасалған қылмыстар міндетті түрде қатаң жазалануы керек және онын нәтижесінде зардап шеккен адамдарға төлем төленетін болса, жағдайдың өзгеретіні сөзсіз. Демек, қоршаған ортаға құқықтың сақталуы, халықтың, ұлттың, жалпы мемлекеттің өркендеуіне шексіз мүмкіндік ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі.-Алматы:Юрист, 2010.
2. Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарғы тұрақты даму тұжырымдамасы.-Астана.-2006.
3. Қазақстан Республикасының Президентінің халқына жолдауы 2010 жылғы // oblstat.pavl.kz
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы. (2011.02.02 өзгертулер мен толықтырулар енгізілген)
5. Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарғы тұрақты даму тұжырымдамасы.-Астана.-2006.

УДК 349.6

ФОРМИРОВАНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ЗЕМЕЛЬНОГО УЧАСТКА: ПРОБЛЕМЫ ПРАВОПРИМЕНЕНИЯ

Александрова Инна Сергеевна

pravo-academiya@mail.ru

Студентка Института прокуратуры Российской Федерации ФГБОУ ВПО
«Саратовская государственная юридическая академия», Саратов, Россия
Научный руководитель – Е. Чмыхало

В современное время ввиду высокой плотности населения, нехватки земель, развития туристической и инвестиционной привлекательности отдельных территорий необходимость поисков современных и новых способов расширения территориальных границ государств, особенно имеющих прибрежные зоны, весьма актуальна [1]. Если ранее традиционным способом, а именно расширением территорий городов за счет прилегающих резервных пригородных зон, данный вопрос успешно решался, то сегодня можно говорить об его эффективности с большой долей условности [2]. Определенным новшеством в рассматриваемой сфере является формирование искусственных земельных участков (далее – ИЗУ).

Обращаясь к историческому аспекту и опыту зарубежных стран, мы приходим к выводу, что именно данный способ расширения территориальных границ государства стал использовать все чаще. Так, возникновение намывных территорий соотносится с временами Месопотамии, племена которой проживали на подобных территориях. В настоящее время «передовиком» в создании искусственной суши можно назвать Японию, семь из трех тысяч островов которой являются именно такими (например, остров Дэссима, образованный еще в 1634 году). В 1995 как самый большой по своей площади среди всех островов, искусственно созданных, оценена провинция Флеволэнд в Голландии [3]. В Дании, Монако, КНР данным методом решаются проблемы нехватки земель, а в ОАЭ он с успехом используются в целях развития туризма («Пальмовые Острова в Дубаи») [4].

Какое положение в России в данной сфере? Первоначально законодатель упорно отказывался от использования термина «ИЗУ», заменяя его в каждом проекте ФЗ на «искусственно образованная территория», тем самым подчеркивая специфику природы